

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абенова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

Осылайша, ұлттық құндылықтарды оқыту жеке тұлғаның дамуына ғана емес, жалпы қоғам мен ұлттың дамуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды оқыту – болашақ ұрпақты тәрбиелеудің және ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды құралы. Ол жастарды ұлттық сана-сезімге, патриотизмге, рухани байлыққа баулып, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды оқыту арқылы ұлттың рухани мұрасы сақталып, мәдениетіміздің өркендеуіне жол ашылады.

Қорытындылап айтқанда, қазіргі жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап қалу, рухани және мәдени мұрамызды дәріптеу – ел болашағына жауапкершілікпен қараудың айқын көрінісі. Бұл ретте білім беру мен тәрбие беру – ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі құралы. Ұлттық құндылықтарды оқыту жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, олардың патриоттық рухын нығайтады. Сондай-ақ, бұл процесс тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның дамуына әсер етіп, ұлттың бірегейлігін сақтауға ықпал етеді. Өзінің тілін, мәдениетін, тарихын құрметтеген ұрпақ өз болашағына да, ұлтының болашағына да сеніммен қарай алады. Осылайша, ұлттық құндылықтарды оқыту – болашақ ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастырудағы, рухани байлығын арттырудағы және ұлттың бірлігін сақтаудағы ең негізгі құрал. Әрбір ұлт өз құндылықтарын сақтап, оларды насихаттай отырып, әлемдік қауымдастықта өз орнын айқын сезіне алады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы ғана біз халқымыздың бай мұрасын сақтап, ұлттық болмысымызды жаһандық өзгерістердің ағынында жоғалтпай, болашаққа нық қадам баса аламыз.

Әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Астана: Сенімен болашақ, 2022. – 160 б.
2. Бекжан Г. Ұлттық құндылықтар ұлтты құрметтеуден басталады. // Электрондық ресурс: <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/dasturli-din/ulttyq-qundilyqtar-ultty-qurmetteuden-bastalady-664/>
3. Әбілқасов Ғ.М., Хасен М.А., Қоңырова Н.А. Ұлттық құндылықтарды оқытудың өзектілігі. // Proceedings of the 10th International Scientific and Practical Conference «Challenges in Science of Nowadays». Вашингтон: InterConf, 2022. – Б. 95-102.
4. Шоқай М. Мұратымыз – ұлттық тәуелсіз Түркістан. // «Жас Түркістан». – 1929-1931. – № 1-15. – 152-154 бб.

А. Еркін

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті І курс докторанты
E-mail: alagan@mail.kz
Қазақстан, Астана қ.*

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР

Аннотация. В статье рассматривается литературное наследие казахского народа, охватывающее периоды от древности до современности, отражающее духовные ценности. Рассматриваются огромные заслуги таких просветителей, как Ибрай Алтынсарин и Ахмет Байтұрсынов, в развитии казахского языка и формировании методики преподавания. Их вклад в введение жанра прозы в казахскую литературу, а также создание учебников и методических руководств отмечены особо. Магжан Жұмабаев и Жүсіпбек Аймауытов, написавшие методические труды в области педагогики, заложили основы национального воспитания и образования. Преподавание национальных ценностей на уроках литературы является одной из важных задач для воспитания молодежи в духе национального духа и культуры.

Abstract. The article covers the periods from ancient times to modern times, writes about the literary heritage of the Kazakh people and spiritual values. The significant contributions of educators like Ybyray Altynsarin and Akhmet Baitursynuly in developing the Kazakh language and forming teaching methodologies are considered. Their work in introducing the prose genre into Kazakh literature and creating textbooks and methodological guides is particularly noted. Magzhan Zhumabayev and Zhusipbek Aimaulytov, who wrote methodological works in pedagogy, laid the foundations

for national education and training. Teaching national values in literature classes is one of the important tasks for instilling national spirit and culture in young people.

Key words: National Literature, pedagogy, education of the Nation, national consciousness, faith.

Ұлттық әдебиет әр халықтың тарихымен қатар мәдени-рухани тарихының ерекшеліктерін танытатын сөз өнерінің асыл қазынасы. Қазақ халқының ежелгі ескерткіштерден бері қарай келе жатқан өзіндік әдеби тілі бар. Профессор Рабиға Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде XV-XIX ғасырлардағы қазақтың әдеби тілін танытатын үлгілер мен олардың тілдік-көркемдік белгілерін зерделеп танытқан. Ғылыми зерттеу еңбегі бойынша қазақ тілінің тарихы мен әдеби тілінің даму барысын танып-білеміз. Екіншіден, қазақ әдеби тілінің даму жолы көркем әдебиеті тарихымен ұштасып, әдебиет арқылы танылып-зерделенетінін танытады. [1]

Алты дәуірге бөлінген қазақ әдебиеті тарихында: 1. Көне дәуір (V-XIV ғ.) – қазақ қауымының рулық-ұлыстық дәуірі. Бұл кездегі әдеби шығармалар көптеген түркі халықтарына ортақ мұра. 2. Хандық дәуірдегі әдебиет (XV-XVIII ғ.) – қазақтың төл әдебиетінің басталу шағы, алғашқы дәуірі. 3. XIX ғасырдағы әдебиет. 4. XX ғасырдың басындағы (1900-1920) бұқарашыл әдебиет. 5. Социалистік дәуір әдебиеті. 6. Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиеті – осы әдебиет тарихы кезеңдер бойында қазақтың төл әдеби тілінің басталар тұсы, ары қарайғы даму барысы сақталған.

Жазба дәстүр қазақтың ауызша әдеби тіліне де, ұлттық жазба әдеби тіліне де игілікті әсерін тигізіп, сөздікті толықтырды. Мысалы, келесі ұрпақтарға өсиет ретінде ата-бабаларының шежіресін тарату, яғни «жеті атасын білдіру» дәстүрі болған. Әсіресе ру басы болып танылған «текті аталар» мен ел билеуші хан-сұлтандардың арғы-бергі ата тегі туралы шежіре жазып қалдыру фактісін XVI ғасырда жасап өткен Қадырғали Жалайыр бидің «Жылнамалар жинағы» атты шежіресі дәлелдейді. Тек шежіре саласында емес, жазу дәстүрі хат-хабар алысуда да орын алған. Бізге XVI ғасырдың II жартысынан бастап қазақ хандарының өзге жерлердің билеушілерімен және өзара жазба арқылы қатынасып тұрғаны мәлім. Сондай-ақ, төл тілімізді меңгертуде ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы рухани қазына ретінде қаралады. Халық ауыз әдебиеті тіліне, әсіресе оның эпос сияқты кесек шығармаларына көптеген дәстүрлі образдар, бір шығармадан екіншілеріне көшіп отыратын дайын қалыптар, жеке сөздер мен фразеологизмдер ортақ болып келеді. Ал ақын-жыраулар тілінде әрқайсысына тән өзіндік сөз қолданыстары бар. Мысалы, Махамбет пен Дулатты, Марғасқа мен Бұқарды, Шернияз бен Шортанбайды тақырыптары, суреткерлік үндері, стильдері жағынан бір-бірімен шатастырмаймыз. Ал ертеректегілері Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуғандардың тілі мен қолтаңбалары. Осындай бай мұрамызды ұрпақтарға өсиет ретінде жеткізу біздің және әдебиет сабағының парызы деп білеміз. Әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерімен бірге танымдық мәнін меңгерту – әдебиет сабағының міндеті, мақсаты.

Тамыры терең тарихы бар қазақ тілін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші – әдебиет. Тіл арқылы өскелең ұрпақ бойына рухани құндылықтар жүйесі мен ұлттық мінез-құлық, бітім-болмыс қалыптасады.

Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің дамуына негіз салған ағартушы Ы. Алтынсарин. Демократ-ағартушы, жазушы жазба әдеби тілін жазушылық және ағартушылық бағытта дамытты. Ы. Алтынсарин осы қызметте қазақ тілін дамытудағы рөлі айрықша. Жазушы қазақ әдебиетіне проза жанрының негізін салды, әңгіме жанрын жазды. Оқушыларға арналған шағын әңгімелерінің тілі түсінікті, жалпы халыққа белгілі қазақтың көне сөздерінен қолданып, байырғы әдеби тілді қалыптастырды.

«Ыбырай да Абай сияқты бірсыпыра түркі халықтарына қызмет етіп келген ортаазиялық түркі әдеби тілі («түркі» немесе «шағатай» тілі аталған) мен сол тұстағы қазақша «кітаби тілден» бас тартты. Сол «кітаби тілде» жазылған, не көркемдік, не нормалық сипаты шамалы кейбір үлгілерді қатты сынады. Әсіресе діни кітаптардың тіліне қарсылық білдірді. Өзінің «Хрестоматиясының» алғы сөзінде: «Татардың кітап тілінде араб-парсы сөздеріне лық толған, сондықтан ол сауатсыз қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың

бәрі де – тек дін туралы жазылған кітаптар. Сондықтан олар дүнияуи мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін қолайсыз», – деп жазды. Н. И. Ильминскийге жазған бір хатында осы мәселе бойынша: «Қазақ оқушыларының діни оқуға пайдаланатын құралдары, көбінесе... татар кітаптары, бірақ бұл кітаптарда ешқандай жүйе де, тіпті көбінде ешбір мағына да жоқ», – деген ойын білдірді.

«Ыбырай шығармалары тілінің лексика-фразеологиялық құрамы қазақ әдеби тілінің байлығынан алынған. Грамматикалық құрылысында да Ыбырай кітаби тілге тән тұлға-тәсілдерді қолданбайды. Тіпті ол сол кезде қазақтың жазба әдеби тілі ішінара пайдаланған кітаби орфографиялық дәстүрді де қабылдамай, қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарын ескеріп, қазақша жазу принципін ұстады. Оған Ыбырайдың қазақ жазуы үшін орыс графикасын ұсынуы себепкер болды» – деген Р. Сыздықованың ой-пікірі Ы. Алтынсарин ағартушылық қызметі қазақтың төл тілін дамытып, халықтың сауатын ашып, жастарды адамгершілік рухқа тәрбиелеуге негізделгенінің айғағы.

Негізінен қазақ жерінде білім беру саласы XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Мектептер екі бағытта дамыды: біріншісі, діни оқуға бағытталған мектептері. Жадит мектептері. Екіншісі, орыс тіліндегі мектептер мен училищелер қалыптасқан.

Әдебиеттанушы-ғалым Д. Қамзабекұлы Қазақ ағартушылығын үшке бөліп қарастырған: ағартушылықтың басталуын 1860-1890 жылдардан, негізгі ағартушылық 1890-1920 жылдар, инерциялық ағартушылық 1920-1929 жылдар қамтылған. [2, 5]

Кейіннен ұлы ұстаз қазақ балаларына қазақ тілінде оқулық жазуды мақсат еткен. 1879 жылы Орынбор қаласында «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы» орыс алфавитімен жазылған оқулық. Басқа елдің тілін үйрену білім-ғылымға жетелейтін жол екенін жақсы түсінді. Әрине орыстық толық грамматикасы қамтылмаса да, балаларға орыс тілді кітаптардың мазмұнын түсінуге жасалған алғашқы нұсқаулық еді.

Ы. Алтынсариннің туындылары халық әдебиетінің озық үлгілері мен Еуропа классикалық көркем әдебиеті жинақталған «Қазақ хрестоматиясы» жарық көреді. Кітаптың басты идеясы адамгершілік пен еңбексүйгіштік, әдептілік, зейінділік пен зеректік және елге, ата-анаға деген сүйіспеншілік. Кітаптың мазмұны: сөз басы; ұсақ ертегі-әңгімелер; үлкен кісілер турасындағы әңгімелер; әр түрлі өлең-жырлар; мақалдардан құрылған. Еңбектің басты ерекшеліктері ұстаз үлгілі педагогикалық шешімдер қабылдап, шебер дидактик екенін танытуында. Әдебиеттің қоғамдық өмірдегі тәрбиелік маңызына айрықша мән берген. Яғни, шығармаларды жинақтауда аса талғампаздық танытқан. Сондай-ақ, өз ұлтының мінез-психологиясы мен салт-дәстүрі ерекшелігін ескере ұтымды қолданған.

Ыбырай Алтынсарин дәстүрлі оқыту қадамымен қатар, мұсылмандық тәрбиеден балаларды үзбеген, діни сауаттылықтарын ашқан. Осы бағытта 1883 жылы Қазан қаласында «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» («Шариятул-ислам») атты оқулығы шыққан. Кітаптың кіріспе сөзінде Ы. Алтынсарин: «Ей, дін-қарындастарымыз, бізге ең әуелі керегірек іс – сол, әуелі білмек керек немен мұсылман болатынымызды. Мумин мұсылманның мұсылман аталуы құр мұсылман киімін киіп, мұсылман арасында жүргеннен емес. Әуелі иманды болып, ол иман деген не екеніне түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көңілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайды. Соның үшін Құдай тағаланың пенделеріне парыз еткен парыздарының ең әуелі иман болса керек. Иманнан соң дін ғылымы дүр». [3] – деп жазады. Әдіскер ұстаздың көздеген мақсаты ұрпағымыздың дін жөніндегі түсініктерін мұсылмандық бағытқа икемдеу, қазақтың тіл тазалығын сақтау еді.

Тіл мен әдебиеттің ғылыми педагогикалық-әдістемесінің негізін қалаған А. Байтұрсынұлы «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы» сияқты жекеленген әдістемелік еңбектері арқылы әдебиет әдістемесі ғылымы мен жалпы педагогика ғылымының өзара байланысын орнатқанын байқаймыз. Қазақ әдістемелік ғылымының алғашқы бастаушысы. Сонымен қатар, қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалап, қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Әдістемелік тақырып бойынша бірнеше мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен методикалық кітапша жарық көрді. А.Байтұрсынұлы мұғалімдерге «Әліппені»

оқытудағы, сауат ашу әдістерінің бағыт-бағдарын көрсетіп берді. Ғалым-педагогтың басты мақсаты жас ұрпаққа қазақша сауат аштыру еді. Оқулықтарындағы әдістемелік ерекшелік балаларға әріптерді тез және оңай үйрету жолдарын көрсетеді. Ғалымның әдісі бойынша бала алдымен дыбыстарды танып, содан кейін жазып үйрену қажет. Яғни, дыбысты меңгеріп барып, таңбасын таңбалау. «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танимыз». Әрине, қазіргі таңда әріп-дыбысты оқытуда әрқилы әдіснамалық еңбектер баршылық, дегенмен ғасыр басында әдіснамалық-нұсқаулықтың тәсілі өзектілігін осы күнге дейін жоғалтпаған. XX ғасыр басындағы жас өспірім бала өз руы мен жеті атасын, ру таңбасын бесіктен бастап ата-анасы бойларына сіңіріп өсірген. А.Байтұрсынұлының «әр елдің таңбасындай таңбасы» деп негіздеп, баса айтуы, таңбамен көрсетте есте нық орнығады және әр әріптің нақты дыбысталуы дұрыс қойылады. «Оқу үйренгендегі басты мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу. Сөз дыбыстың мағыналы болып тізілгені. Сөз айту дыбысты ауызбен тізу. Оқуға келген балалар сөйлей білсе, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді. Себебі олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді». – деп жазады педагог ғалым. А. Байтұрсынұлының әдістемесінің негізі – дыбыспен жаттықтыру. Сөздің дұрыс дыбысталуы, жазу мен оқудың басты негізі екенін баса көрсеткен.

А. Байтұрсынұлының 1920 жылы жарық көрген «Баяншы» атты қазақ мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулығының сөз басында «...алибба кітабы оңай болып, оқытқанда балаларды неғұрлым аз қинаса, соғұрлым жақсы болмақшы. Әліппені балалар қиналмай оқып шықса, онан әрі оқуға ықыластанып, талаптары қанат байлағандай көтеріліп, зораймақшы. Осыны ойлап, әліппе оңай болмағын көздеп, бірінші әлеппенің басынынан аяғына шейін оңай һәм қысқа сөздерді алдым; қазақ сөзіндегі харіптерді оқып шыққанша, балалардың жолында малтыққандай һеш қиындық ұшырамас. Екінші, бұл әліппеде әр дыбысқа, өзіне деп анықтап, харіп арналды; олай болғанда бұрынғыдай бір ғаріп һәр түрлі орындаһәр түрлі оқылмай, өай орында да болса,бір харіп бір-ақ түрлі оқылады; бұл һәм оқуды жеңілдетеді». [4] – деп ұстаздарға бала оқытудың жолдарына бағдар берген.

А. Байтұрсынұлы оқу-ағартуға арналған еңбектерінің түпкі мән- мағынасы ұлтымыздың болашағы, ұлттық дүниетаным мен тілімізді сақтау. Сақтаушы және дамытып, жеткізуші ұрпақ. Сондықтан балаларға қазақша білім беріп, қазақ тілі қандай құрал екендігін таныта алды.

1920 жылдары Мағжан Жұмабаевтың педагогика саласына қосқан әдістемелік еңбектерінің маңызы зор. «Педагогика», «Ана тілі», «Бастауыш мектепке ана тілін оқыту методикасы», «Сауатты бол», «Ересек шала-сауатылар программасы» атты еңбектері ақынды әдіскер ретінде танытты. 1922 жылы «Педагогика» кітабының мақсаты жайлы: «Алдыма бір кітапты қойып алып желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шаман келгенше, қазақ қанына қабыстыруға ұмтылдым. Мағжан Жұмабаевтың педагогика ғылымындағы алғашқы еңбек болып табылады. Сондай-ақ, XX ғасыр басында оқу - тәрбие саласының дамуына және әдіскерлік маманның қалыптасуына жол салды. «Педагогика» еңбегі тарау атауларының өзінде үлкен мән-мағына бар. Он төрт бөлімнен тұратын еңбектің негізгі мақсаты: «Дене тәрбиесі», «Жан тәрбиесі», «Ақыл тәрбиесі», «Сұлулық пен әдет-құлық тәрбиесі» – денсаулық болашақтың кепілі, баланың әрбір мүшесінің дұрыс қалыптасуы мен ағзасына мән беру керек екендігін баса көрсеткен. Ата-анаға бала тәрбиесінде, өзі таратып берген өсиеттерді ұстанса тәрбиесі түгел, толыққанды бала болып өсетінін айқындап береді.

«Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық, сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, нәзік үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын

деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Бала ауру не зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден. Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мақау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген иран елінің мәтелі - шын дұрыс мәтел». Яғни, отбасынан берілетін тәрбиеге аса мән беру керектігін және жоғары аталған тәрбие жолдары тегіс тамырласып жатса тәрбиесі мен білімі түгел болатынын айқындап берген. Сондай-ақ, бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше назар аударған. «Әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». [5] – деп жазады ұлы ағартушы.

Ақын-тәлімгер әдіснамалық еңбектерінде баланың жан дүниесін терең зерттеп психология мен педагогиканы байланыстыра қарастырған мұра қалдырып, ұрпаққа қажет құралдың негізін жасап кеткен.

Қызметтік қадамын оқу ағарту ісінен бастаған Жүсіпбек Аймауытовтың 1924 жылы мектеп мұғалімдері мен педагогикалық бағыттағы, оқу орындарында оқулық ретінде қолданған «Тәрбиеге жетекші» (Орынбор, Госиздат, 186-бет), 1926 жылы екі кітап, бірі – «Психология» (Қызылорда-Ташкент), екіншісі – «Жан жүйесі және өнер тандау» (М. Цейтлиц, 81-бет), 1929 жылы «Комплекспен оқыту жолдары» (Қызылорда, Казгосиздат, 129-бет), мектеп оқушыларына арналған «Жаңа ауыл» (екінші сыныпқа арналған оқу кітабы, Алматы, 1929-30 жж.), «Сауат-сыздықты қалай жою керек?». Суреткер, ғалым-педагог оқу-әдіснамалық еңбектерінің ерекшелігі: оқыту мен тәрбиенің бір тұтастықта бағыт көрсетуінде. Әр адам өзін тәрбиелеп, жетілдіруде, рухани тәрбие мен дене тәрбиесінің бірлікте ұстану жолдарын анықтап беруінде. Екіншіден, ұстазға әртүрлі отбасында тәрбиеленіп келген балалардың жеке ерекшеліктерінде ескерген дұрыс екенін баса айта кетеді. Үшіншіден, бала тәрбиесіндегі ата-ананың маңызды рөлін көрсетеді. [6]

Адамның өзін-өзі тәрбиелеу қағидасын ұсынған. Бала тәрбиесі және адамның өзін жетілдіріп тәрбиелеуде аянбай еңбектенсе ғана болашағы жарқын, жемісті болатынын айтады. Жүсіпбек Аймауытов әдістемелік құралдарының ерекшелігі қазақ балаларының психологиялық ерекшеліктеріне қолайлы тәсілдер арқылы жүйелі берілуінде.

Алаштың ұлы перзенттері А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев және Ж. Аймауытов педагогика-психология ғылымдарын алғашқы зерттеуші-ғалымдар. Қазақ тілі мен әдебиетті оқыту әдістемесін негіздеген. Ұлтымыздың болашағы білімде екенін жете түсінген. Сол себептен жүйелі білім беру концепциясын жасауды көздеді. Тілімізді сақтау мақсатында, баланың сауатын өз тілімізде ашу, әр сөздің нақышын келтіріп, жүйесіне дағдаландыру әдістерін ұсынды. Ғалым-тәлімгерлердің әр еңбектерінің маңыздылығына мән беріп, терең астарын бойлаған қажет.

Әдебиеттанушы А. Қыраубаеваға «Ежелгі дәуір әдебиетінен» оқу құралы мен хрестоматиялық оқулықтар еңбектерімен қатар ұстаз болғандығы мен ұлттық мектебінің негізін қалаушы болғанын да ерекше атауымыз қажет. Ғалым педагогика саласында мектеп оқушыларының білім алуына да ерекше мән берді. Себебі ұлттық тәрбиенің бастауы – мектеп екенін ғалым іс жүзінде көрсетті. Еліміз тәуелсіздік алып, еркіндікке қол жеткен тұста ғалым қазақ баласына ұлттық мектептің қажеттілігін түсінді. Осы бағытта ауыл балаларының білімін жетілдіріп, ой-өрісін кеңейту мақсатында Қаскелеңде «Гуманитарлық Қазақ мәдениеті мектеп-лицейін» ашты. А. Қыраубаеваға «ұлттық мектеп» ашу идеясы тосыннан келген жаңалық емес. Отбасындағы тәрбие, университет қабырғасындағы тәлім, зерттеу жұмысының бағыттары барлығы дерлік тәуелсіз елде қазақ баласының халық педагогикасы арқылы тәрбиеленуі керектігін айқындап берді. Халқымыздың төл педагогикасы ықылым заманда сақ-ғұн дәуірінде қалыптасып, орта ғасырда жалғастығын тапқаны және ғұламаларымыздың методикасы өз адына ерекше әрі үлкен нәтижеге қол жеткізетіндігіне ғалымның зерттеу жұмыстары барысында көзі жеткен. Мектепте білім беру ісі А. Қыраубаеваның авторлық «Сенім» бағдарламасы арқылы жүргізілді. Бұл жоба алғаш рет 1996 жылы «Қазақстан мектебі» журналының 4-санында жарық көрді. Этнопедагогика саласында қызмет атқарып жүрген

ғалымдар тарапынан озық деп танылып, Қазақ әлем тілдері университетінен (Алматы) Э. Әбілованың «Этнопедагогика» кітабына үздік бағдарлама ретінде енгізілді.

Сенім бағдарламасының мақсаты: Баланың ұлттық санасы мен болмысын қалыптастыру негізінде Өркениетке шығару. Жасытпай оқыту, кембағалықтан құтқару. Мәдениеттерді меңгерту. Сенімді азамат ету.

Іске асырудың алғышарттары: Шәкіртпен кісілік-демократиялық қарым- қатынас орнату. Шәкірттің ынта-ықыласын оятып-дамытыту арқылы оқыту. Адамшылық қарым- қатынасқа итермелейтін тетіктерді іске қосу. Бағдарламада бұл тетіктер мейлінше қарастырылған. «Сенім» ұғымының мақсаты: Шәкірт мүмкіндігіне сену, шәкірттің өз мүмкіндігіне сенуі [7, 45-59]. Ғалым өз сөзінде «Бізге басқалардың тәрбиесі өзімізден артық көрінетін бір кембағарлық әдет бар. Басқа елдің тәжірбиесін тұтастай енгізу жақсылыққа әкелмейді. Оның ішінде ұлттық құндылықтарға қабысатынын ғана пайдалануымыз керектігін ескере бермейміз. Қандай бір озық дүние болса да, өз елінің мүддесі тұрғысынан жасалады. Сырттан ендірген жат мүдделердің қажеттілікке айнала алмайтыны сондықтан. Тамырсыз гүл өспейді» – дейді. А. Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасын жасауы ұлттық мектептерде ұлттық білім беру қажеттілігінен туындады. Себебі Тәуелсіз ел атанғанымызбен, білім жүйеміз өзге елдердің тәжірбиесіне тәуелді болғаны рас. Бұл бағдарлама бастауыштан бастап ертегі, аңыздар, ұлттық әдеп, қазақ тарихындағы қызықты оқиғалар, ұлт тұлғалары, ежелгі әдебиет, ислам мәдениеті бағыттарында білім берді. Жоғары сыныптарда оқушының өз таңдауы бойынша бейімдік сабақтар жүргізілген. Бағдарлама шәкірттерге ұлттық бағытта тәрбие беруді көздей отыра мынадай құндылықтарды қамтиды:

- Ана тілі. Қазақ баласы сауатын өз тілінде ашып, өз тілінде шешен сөйлей алуы қажет.
- Салт-дәстүр. Бала туған елінің дүниетанымын, наным-сенімін, дәстүр ерекшелігін біліп өсуі қажеттігін көрсетеді.
- Рухани тәрбие. Шәкірт тәрбиелеуде оны маман болуға емес адам болуға тәрбиелеуді бірінші орынға қою көзделеді.
- Отбасы моделі. Ата-ананы құрметтеуге, үлкенді сыйлауға, ұл мен қыздың отбасы құрудағы жауапкершілігін түсіндіреді.
- Эстетикалық-этикалық таным. Әдептілікке, өзін ортада мәдениетті ұстауға, сыпайылық пен парасаттылыққа баулиды.
- Діни тәрбие. Діннің адам өміріндегі маңызын түсінуге, дінді сыйлауға және қасиеттілігіне назар аударады.

А. Қыраубаеваның «Сенім» авторлық бағдарламасы Қаскелең ауданындағы қазақ мәдениеті мектеп-лицейінде тәжірбиеден өтіп, оқу бағдарламасы ретінде бекітілді. «Қазақстан мектебі» газетінің 1996 жылғы, № 4-санында Алматы облыстық мамандар кәсіби дамыту институтының директоры Т. Баймолдаев: «Қазақстан сияқты жас мемлекеттің тәуелсіздігін баянды ету үшін қазақ мектебінің атқарар қызметі орасан зор. Ондай ұлттық мектеп болмаса, ұлттық мәдениет те, ұлттық ғылым-білім де болмайды. Ендеше ең негізгі міндет – ерекшелігін әлемге танытатын ұлттық мектептің моделін, бағдарламасын жасап, сол мектепті қалыптастыру. Осы орайда филология ғылымының кандидаты А. Қыраубаеваның ұсынып отырған «Сенім» бағдарламасы – осы уақытқа дейінгі ұсынылған дүниелердің ешқайсысына ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар дүние». – деп баға берген болатын.

Қорыта келгенде, Ұлттық жазба әдеби тілдің дамуына Ыбырай Алтынсарин үлкен үлес қосты. Ол қазақ тілін жазушылық және ағартушылық бағытта дамытты. Алтынсарин қазақ әдебиетіне проза жанрын енгізіп, әңгіме жанрын дамытты. Оның әңгімелері түсінікті, қазақтың көне сөздерін пайдаланып, байырғы әдеби тілді қалыптастырды. Ахмет Байтұрсынұлы – тіл мен әдебиеттің ғылыми-педагогикалық әдістемесінің негізін қалады. Мағжан Жұмабаев та педагогика саласына үлкен үлес қосты. Оның тәрбиенің төрт түрін: дене, жан, ақыл, сұлулық және әдет-құлық тәрбиесін атап көрсетеді әрі таратады. Сонымен қатар Жүсіпбек Аймауытовтың да әдістемелік еңбектері педагогика саласына қосқан маңызды үлес болып табылады. Осылайша, ұлттық құндылықтарды әдебиет сабақтарында оқыту негізін қалаушылардың еңбектері арқылы қазақ әдебиеті мен тілі дамып, ұрпақтарға ұлттық

құндылықтар жеткізіледі. Әдебиет сабағының басты мақсаты – әдебиеттің танымдық мәнін меңгерту және ұлттық құндылықтарды сақтау.

Әдебиеттер

- 1 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы – Алматы. 1993. 320 б.
- 2 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
- 3 Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат Ул Ислам: монография /- Алматы: ТПО "Қаламгер", 1991. – 79 б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Абзал-Ай, 2003. – 640 б.
- 5 Жұмабаев М. Педагогика. <https://kitap.kz/book/mahzhan-zhumabaev-pedagogika>
- 6 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау. - Алматы: «Ел-шежіре», 2013. - Т. 4. - 384 б.
- 7 Қыраубаева А. «Сенім» авторлық бағдарламасы. // Қазақстан мектебі - 1996, №4.

Г.У. Жайлауова

Көкшетау қаласы № 6 мектеп-лицейі» қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, филология ғылымдарының магистрі, педагог-модератор

kgu_2701@mail.ru

Аубакирова Н. У.

Көкшетау қаласы, Мәлік Ғабдуллин атындағы № 3 көпсалалы гимназиясы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші

nur_aubakirova_1972@mail.ru

Қазақстан, Көкшетау қ.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Аннотация. В статье лингвистическое наследие учителя нации Ахмета Байтурсынова определяется на основе работы «язык-инструмент». Рассматриваются научные выводы, введенные корреспондентом-ученым в области фонетики, словообразования, грамматики языка. Научные мнения ученого сравниваются с «казахской грамматикой», определяющей теоретические основы современного казахского языка.

Abstract. The linguistic heritage of the nation's teacher, Akhmet Baitursynov, is defined in the article based on his work "Language as a Tool." The scientific conclusions introduced by the scholar-correspondent in the fields of phonetics, word formation, and grammar are examined. The scholar's views are compared with "Kazakh Grammar," which establishes the theoretical foundations of the modern Kazakh language.

Key words: Kazakh language, sound, letter, vowel, consonant, word classes, sentence.

Ұлт жанашары, ғалым-ұстаз А.Байтұрсынұлы ұлттың тұтастығы мен рухани құндылықтар жүйесіндегі ана тілінің маңыздылығын ерекше бағалады. «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларында үнемі тіл мен оның тазалығын сақтау, тілімізді дамыту, өркениетті елдердің көшінен қалмау мәселелерін көтеріп отырды. Тіл ұлттың жан дүниесі, сонымен бірге халықтың саяси-әлеуметтік өміріндегі пәрменді құрал ретінде оған айрықша мән берді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілі білімі, әдебиет теориясы және әдебиеттану ғылымының негізін салушы. Ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан үлесі зор.

Ғалым-ұстаз: «Біздің заманымыз – жазу заманы... Сөздік жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек болғандықтан, қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» дегенді өзіне мақсат етіп, «Тіл – құрал» еңбегін мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытуға арналған оқулық ретінде жазған.

Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» атты еңбегі – қазақ тіл білімінің алғашқы теориялық негізі. Зерттеу нысаны болып отырған «Тіл-құрал» оқулығы үш жылға арналған үш кітаптан тұрады.

Бірінші кітабы – «Тіл танытқыш». Тіл танытқыш 1914 жылы жарық көрді. Бұл оқулықта қазақ тілінің дыбыс жүйесі, дыбыс түрлері туралы жан-жақты түсінік беріледі. Қазақ тілінің